

# «Үш факт» әдісі

## Мақсаты:

Оқушылардың есте сақтау, жылдам ойлау және тақырыпты нақты фактілер арқылы түсіндіру дағдысын дамыту.

## Өткізу ережесі:

1. Мұғалім тақырыпқа сай суреттері немесе мемлекеттердің тулары бейнеленген додекаэдрді (көпжақты фигура) лақтырады.
2. Допты ұстаған оқушы суретке немесе елге қатысты 3 қысқа нақты факт айтады.
3. Содан кейін келесі оқушыға лақтырып, ойынды жалғастырады.

## Тиімділігі:

- Оқушылардың белсенділігін арттырады;
- Білімді нақтылап, есте сақтауды күшейтеді;
- Қысқа, нақты сөйлеуге және өз ойын жүйелі жеткізуге үйретеді;
- Үй тапсырмасын сұрау және жаңа сабақты бекіту кезінде.

